№7-8 (463-464)
31 тамыз
2021 жыл

# Zhubanov University

Облыстық ақпараттық-танымдық газет

1997 жылдың 12 наурызынан бастап шығып келеді

## Zhubanov University студенті болу мақтаныш!




4-6

### Осы санда



БАЛА АЛДЫНДА ӘКЕ-ШЕШЕНІҢ БЕДЕЛІ ЖОҒАРЫ

6-7 бб



ҰМЫТЫЛМАС ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ

8-9 бб



РАЗРАБОТЧИК КАЗАХСТАНСКОЙ ВАКЦИНЫ «QAZVAC» — ВЫПУСКНИЦА ZHUBANOV UNIVERSITY

16-стр

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news




## СЕУЛДЕ АБАЙ ҚҰНАНБАЙҰЛЫНЫҢ МҮСІНІ ҚОЙЫЛДЫ

Ескерткіштің ресми ашылуына Корея Республикасының президенті Мун Чжэ Ин мен Қазақстан Республикасының президенті Қасым-Жомарт Тоқаев қатысты. Шара қазақ елі басшысының Оңтүстік Кореяға мемлекеттік сапары кезінде өтті.

Сапар барысында тараптар Қазақстан мен Корея арасындағы стратегиялық ынтымақтастықты одан әрі дамытудың алдағы ауқымды мәселелерін қарастырды. Келіссөз жасалып, нәтижесінде бірқатар екіжақты құжатқа қол қойылды. Қасым-Жомарт Тоқаев кореялық бизнес өкілдерінің үздіктерімен жүздесті.

Ал қазақтың кемеңгері, ойшылы және ұлы ақынының мүсіні Сеул киберуниверситеті аумағына орналастырылды.

Рәсім кезінде сөз алған Қазақстан президенті:

— Сеул төрінде қазақ халқының ұлы перзенті, ақын Абай Құнанбайұлының мүсіні орнатылды. Бұл корей бауырларымыздың қазақ халқына деген зор құрметінің белгісі, — деп ризашылығын жеткізді.

2010 жыл Қазақстанның Кореядағы жылы деп, 2011 жылы Кореяның Қазақстандағы жылы деп атап өтілген еді. Содан бері екі ел арасындағы барлық бағыттағы байланыстар арта түсті.

"Әсіресе, мәдени-рухани саладағы ынтымағымызды нығайттық. Осындай тығыз қарым-қатынас болашақта да жалғасын табады. Қазақстанның жетекші оқу орнында корей тілі оқытылып келеді. Кореялық студенттер де қазақ тілін оқып жүргенін жақсы білемін. Бұл, әрине, көңіл қуантарлық ерекше жағдай. Көптеген қазақ жастары корей университеттерінде білім алуда. Біз білім, ғылым және мәдениет саласындағы ынтымақтастықты одан әрі жалғастыра береміз. Бұл өзара байланысты келешекте де достық рухта дамыта түсуге жол ашады, — деді Қ.-Ж.Тоқаев.

Абай мұрасы корей халқының рухани дамуына үлес қоспақ.

## В СЕУЛЕ УСТАНОВИЛИ ПАМЯТНИК АБАЮ КУНАНБАЕВУ

На официальном открытии памятника присутствовали Президент Республики Корея Мун Чжэ Ин и Президент Республики Казахстан Касым-Жомарт Токаев. Мероприятие прошло в рамках государственного визита главы Казахстана в Южную Корею. В ходе визита стороны обсудили широкий круг вопросов, связанных с дальнейшим развитием стратегического сотрудничества между Казахстаном и Кореей. Проведены переговоры, подписан ряд двусторонних документов. Касым-Жомарт Токаев встретился с ведущими представителями корейского бизнеса.

Памятник казахскому гению, мыслителю и великому поэту установлен на территории Seoul Cyber University. Выступая на церемонии открытия, Президент Казахстана отметил: "В центре Сеула установлен памятник великому сыну казахского народа, поэту Абаю Кунанбаеву. Это знак большого уважения наших корейских братьев к казахскому народу".

2010 год был отмечен как Год Казахстана в Корее, а 2011 год - Годом Кореи в Казахстане. С тех пор отношения между двумя странами развиваются по всем направлениям. "Мы укрепили наше сотрудничество, особенно в культурной и духовной сферах. Такие тесные отношения сохранятся и в будущем. Корейский язык преподается в ведущем университете Казахстана. Я знаю, что корейские студенты также изучают казахский язык. Это очень отрадно. Наша молодежь учится в корейских вузах. Мы продолжим наше сотрудничество в области образования, науки и культуры", — сказал К.Ж. Токаев. Наследие Абая будет способствовать духовному развитию корейского народа.

## MONUMENT TO ABAI KUNANBAYEV OPENED IN SEOUL

The official opening of the monument was attended by the President of the Republic of Korea Moon Jae-in and the President of the Republic of Kazakhstan Kassym-Zhomart Tokayev. The event was held within the framework of the state visit of the head of Kazakhstan to South Korea. During the visit, the parties discussed a wide range of issues related to the further development of strategic cooperation between Kazakhstan and Korea. Negotiations were held, a number of bilateral documents were signed. Kassym-Jomart Tokayev met with leading representatives of Korean business.

The monument to the Kazakh genius, thinker and great poet was erected on the territory of Seoul Cyber University. Speaking at the opening ceremony, the President of Kazakhstan noted: "In the center of Seoul there is a monument to the great son of the Kazakh people, the poet Abai Kunanbayev. This is a sign of great respect of our Korean brothers for the Kazakh people." 2010 was marked as the Year of Kazakhstan in Korea, and 2011 was celebrated as the Year of Korea in Kazakhstan. Since then, relations between the two countries have been developing in all directions.

"We have strengthened our cooperation, especially in the cultural and spiritual spheres. Such close relations will continue in the future. The Korean language is taught at a leading university in Kazakhstan. I know that Korean students also study the Kazakh language. This is very gratifying. Our young people study in Korean universities. We will continue our cooperation in the field of education, science and culture, "K.Zh. Tokayev. Abai's legacy will contribute to the spiritual development of the Korean people.

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ҚАСТЕРЛІ МЕРЕКЕ — ҚҰРБАН АЙТ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев қазақстандықтарды Құрбан айт мерекесімен құттықтады.

"Ардақты ағайын! Сіздерді күллі мұсылман қауымы үшін қастерлі Құрбан айт мерекесімен шын жүректен құттықтаймын! Бұл – қайырымдылық пен жанашырлық, ізгілік пен имандылық сияқты асыл қасиеттерді дәріптейтін ұлық мейрам. Салт-дәстүрімізбен берік ұштасқан ата дініміз — елдің рухани тұтастығын сақтауға ықпал ететін басты құндылықтың бірі. Құрбан айт қашанда барша жұртты береке-бірлікке үндейді. Ел азаматтарын бауырмал болуға шақырып, бүкіл халқымыздың ырыс-ынтымағын арттырады. Мұсылман баласы бұл күндері отбасы амандығы мен ел тыныштығы үшін құрбандық шалып, жоқ-жітікке көмектеседі, мұқтаж жандарға қамқорлық танытады. Осындай ізгі ниет пен сауапты іс ел-жұрттың бір-бірімен етене араласуына, өзара сыйластық пен жақсылыққа жол ашады. Құрбан айттың ұлағаты мен өнегесі біздің рухани құндылықтарымызбен үндеседі. Бүгінгі мерекенің мән-маңызы осында деп білемін.

Шалған құрбандықтарыңыз, дұға-тілектеріңіз қабыл болсын!

Айттан айтқа аман-есен жете берейік!", — деп тілегін жолдады.

Бас мүфти Наурызбай қажы Тағанұлы бастаған Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы карантин жағдайында Құрбан айт мерекесін дұрыс ұйымдастыра білді. Құрбан айт намазын оқу жергілікті санитарлық мемлекеттік бас дәрігердің Қаулысына сәйкес жүзеге асты. Осы орайда, Құрбан айт намазын өткізу бойынша ҚМДБ-ның өкіл имамдары жергілікті бас санитарлық дәрігерлермен бірлесіп, алдын ала арнайы брифингтер өткізіп, жамағаттан қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауды, айт намазы біткен сәтте мешіт ауласында ұзақ тұрақтамауды сұрады.

ҚМДБ құрбандық шалудың екі жолын ұсынды. Бірінші жолы: мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау органдары тарапынан рұқсат берілген жергілікті қасапханаларда санитарлық ережелерді қатаң сақтай отырып «сары» және «жасыл» аймақтарда онлайн және офлайн форматта өткізу. Екінші жолы: еліміздің «қызыл» аймақтарында пандемия жағдайында өткен жылдың тәжірибесін қолданып, құрбан шалу рәсімін шариғаттағы «өкілдік» қағидасына сәйкес qurban2021.kz сайты арқылы тек онлайн режимде жүзеге асыру. Осылайша qurban2021.kz сайты құрбан шалуға ниет еткен азаматтарға жағдай жасап, тапсырыстар алды.



Сондай-ақ діни басқарманың осы арнайы сайты арқылы еліміздегі мұқтаж отбасылар құрбандық етін алу үшін өтініш білдіре алды. Мұқтаж отбасылардың өтініштерін қабылдау, сараптау және құрбандық еттерін жеткізіп беру жұмыстарымен ҚМДБ-ның жергілікті өкілдіктері және еріктілер айналысты.

Қасапханалар «Ashyq» қосымшасымен жұмыс істеді. Жасы 65-тен асқан қариялар, әйелдер мен балалардың құрбан малын шалатын орындарға баруы шектелді.

Қасапхананың толымдығы 30 пайыздан асырылмай, кемінде 1 метр ара қашықтықты білдіретін сызықтар сызылып, қадағаланды.

Наурызбай қажы Тағанұлының айтуынша құрбандық малының бір бөлігі мұқтаж жандарға беріледі. Тіпті толықтай беруге де шариғаттан рұқсат. "Біз осы салада көп жыл жұмыс істедік және көрген тәжірибеміз де мол. Адамдар құрбандық уақыты жақындағанда мешіттерге келіп, тізімге тіркеліп, көмек алады. Яғни осы құрбандықтың өзі қайырымдылық ретінде елімізге үлкен көмек болып келеді," — деді Бас мүфти. Биылғы Құрбан айт мерекесі шілденің 20-22 аралығында өтті.

## СВЯЩЕННЫЙ ПРАЗДНИК — КУРБАН АЙТ

Президент Касым-Жомарт Токаев поздравил казахстанцев с праздником Курбан Айт: "Дорогие казахстанцы! Сердечно поздравляю вас со священным для всех мусульман праздником Курбан айт! Это великий праздник, прославляющий такие благородные качества, как милосердие и сострадание, добро и нравственность. Курбан айт всегда призывает к процветанию и единству. В наши дни каждый мусульманин жертвует ради благополучия семьи и мира в стране, помогает и заботится о нуждающихся. Такие благие намерения и дела позволяют людям доверять друг другу, проявляя взаимное уважение и добро. Думаю, в этом суть сегодняшнего праздника. Пусть будут приняты ваши жертвы и молитвы!"

Духовное управление мусульман Казахстана во главе с верховным муфтием Наурызбай Тагановым должным образом организовали праздник Курбан айт в условиях карантина. В связи с этим, имамы-представители ДУМК вместе с главными санитарными врачами регионов провели брифинги и попросили верующих строго соблюдать меры безопасности, не оставаться во дворе мечети долгое время после окончания праздничной молитвы. ДУМК предложил два способа принесения жертвы.

Первый способ: для жителей регионов, находившихся в «желтой» и «зеленой» зонах - проводить онлайн и офлайн жертвоприношения в строгом соответствии с санитарными правилами на локальных бойнях, уполномоченных государственным санитарно-эпидемиологическим надзором. Второй способ: совершать жертвенные обряды только в режиме онлайн в «красных» регионах страны по опыту прошлого года через сайт qurban2021.kz. где были созданы условия для населения и принималились заказы.

Кроме того, через специальный веб-сайт Духовного управления нуждающиеся семьи страны могли подать заявку на жертвенное мясо. Местные представители и волонтеры ДУМК были задействованы в приеме, анализе и доставке мяса для малообеспеченных семей. Бойни работали с приложением «Ashyq». Пожилым людям, женщинам и детям старше 65 лет было запрещено посещать места жертвоприношения. Бойня была заполнена не более чем на 30%, и были проведены линии для сохранения безопасного расстояния не менее 1 метра.

По словам Наурызбая Таганова, часть жертвенных животных была передана нуждающимся. По шариату разрешено отдавать мясо в полном размере. «Мы работаем в этой сфере много лет и имеем большой опыт. Когда приближается время жертвоприношения, люди приходят в мечети, регистрируются и получают помощь. То есть, жертвоприношение является особым видом благотворительности», - сказал главный муфтий. В этом году праздник Курбан Айт прошел 20-22 июля.

## SACRED HOLIDAY — KURBAN AIT

President Kassym-Jomart Tokayev congratulated the people of Kazakhstan on the holiday of Kurban Ait: "Dear people of Kazakhstan! I congratulate you on the holy holiday for all Muslims, Kurban Ait! This is a great holiday that glorifies such noble qualities as mercy and compassion, kindness and morality. Kurban Ait always calls to prosperity and unity. Today, every Muslim sacrifices for the welfare of the family and peace in the country, helps and cares for those in need. Such good intentions and deeds allow people to trust each other, showing mutual respect and kindness. I think this is the essence of today's holiday. Let your sacrifices and prayers be accepted! "

The Spiritual Administration of Muslims of Kazakhstan, headed by the Supreme Mufti Nauryzbay Taganov, duly organized the Kurban Ait holiday under quarantine conditions. In this regard, the imams-representatives of the SAMK, together with the chief sanitary doctors of the regions, held briefings and asked the believers to strictly observe safety measures, not to stay in the courtyard of the mosque for a long time after the end of the holiday prayer. SAMK proposed two ways to make a sacrifice. The first method: for residents of regions located in the "yellow" and "green" zones - to conduct online and offline sacrifices in strict accordance with sanitary rules at local slaughterhouses authorized by the state sanitary and epidemiological supervision. The second way: to perform sacrificial rites only online in the “red” regions of the country, according to the experience of last year through the website qurban2021.kz., where conditions were created and orders were taken. In addition, needy families of the country could apply for sacrificial meat through a special website of the Spiritual Directorate. Local representatives and volunteers of the SAMK were involved in the reception, analysis and delivery of meat for low-income families. The slaughterhouses worked with the "Ashyq" application. Elderly people, women and children over 65 were forbidden to visit the places of sacrifice. The slaughterhouse was no more than 30% full and lines were drawn to maintain a safe distance of at least 1 meter. According to Nauryzbay Taganov, some of the sacrificial animals were given to those in need. According to Sharia law, it is allowed to give meat in full. “We have been working in this area for many years and have a lot of experience. When the time for sacrifice approaches, people come to mosques, register and receive help. That is, sacrifice is a special kind of charity, ”said the chief mufti. This year, the Kurban Ayt holiday was held on July 20-22.

Entrant 2021

**Қабылдау комиссиясы арман арқалаған әр талапкердің бағдаршамы тәрізді.**

**Құжат қабылдау маусымы сәтті аяқталды. Биыл біз 4043 талапкерді оқуға қабылдадық. Оның ішінде күндізгі бөлімге 2676, қашықтан оқыту технологиясын қолдана отырып оқыту бөліміне 1367 студент құжат тапсырды. Оның ішінде «Алтын белгі» иегерлері – 214, «Үздік аттестат» иегерлері – 144, сонымен бірге 60-тан астам шетел азаматы бар. 60-ы Халықаралық, республикалық, қалалық пәндік Олимпиадалар мен әртүрлі спорттық, шығармашылық байқаулардың жеңімпаздары.**




# Zhubanov University студенті болу мақтаныш!

Былтырмен жалпы салыстырғанда 100 талапкерге артық қабылданды. Ал нақты күндізгі бөлімді мысалға алсақ, былтыр қабылданғандар саны — 2386 болса, биыл 2676 болды, яғни 300-дей талапкерге көп. Егер талапкерлердің бәрі мектеп түлектері екенін ескерсек, бұл дерек олардың арасында Zhubanov University студенті болуды қалаушылар санының жыл өткен сайын жоғарылап жатқанын білдіреді. Атырау, Маңғыстау, Қызылорда, Түркістан облыстарынан біздің университетті таңдаушылар саны да артты.

Биыл да жаңадан инновациялық мамандықтар ашылды. Қоғамдағы өзгеріске орай, заман талабына сай мамандықтар жыл сайын қосылуда. Соның бірі «Клиникалық психология» мамандығына биыл ашылса да сұраныс ерекше болды. «Автоматтандыру және басқару», «Кешенді көлік логистикасы», «Ағылшын тілі және информатика» деген педагогикалық бағыттағы мамандыққа жиналған контингент те көп.

Жалпы университетке 1046 грант иегерлері түсті, бұл республикалық бюджет қаражаты бойынша оқитын мемлекеттік білім гранты деп аталады, сонымен қатар 41 жергілікті гранттар яғни жергілікті бюджет қаражатынан төленетін гранттар, бұл – Ақтөбе облыстық жергілікті бюджет қаражатынан бөлінеді, сондай-ақ биыл біз Маңғыстау облыстық жергілікті гранты конкурсына қатыстық, жеңімпаздардың 18-ақтөбеліктер, 9-ы маңғыстаулық талапкер.

Білім және ғылым министрлігі биыл білім саласын дамыту, сапаны арттыру мақсатында бірқатар маңызды шешім қабылдап, ҰБТ-ны электронды форматта өткізді. Осылайша емтихан кезінде барынша ашықтық, адалдық принциптері сақталды деген ойдамын. ҰБТ бұрынғыдай 10 күннің ішінде емес, 3 ай бойы электронды форматта өткізілді. Жаңа форматтағы тестілеудің ең ұтымды жері талапкерге тестіні қашан, қай жерде өтетінін өзі таңдауға мүмкіндік берді. Сондай-ақ электронды ҰБТ тестіленуші нәтижесін кешке дейін күтпей сол жерде ала алды. Нәтижесімен келіспеген жағдайда, тестіленуші 30 минут ішінде аппеляцияға өтініш беруге құқылы. Тіпті талапкердің тестті төрт рет тапсыруға мүмкіндігі болды. Мамыр, маусым айында өткен тест қорытындысының ең жақсы көрсеткішін мемлекеттік грант конкурсына жібере алды. Осының бәрі талапкерлерге тамаша жағдай жасады деп есептеймін.

Мемлекеттік грант конкурсы шілденің 16-ы мен 26-ы аралығында жүргізілді. Оған құжат қабылдау egov электронды порталы, немесе виртуалды қабылдау комиссиясы арқылы өтті. Кеңестер аудио-видеожазбалар арқылы берілді. Сонымен қатар біз талапкерге мейлінше жағдай жасау мақсатында облыстың 12 ауданында кеңес беру орталықтарын, жылжымалы қабылдау комиссиясын ұйымдастырдық. Онда мемлекеттік білім беру гранты конкурсына құжат тапсыру шарттары бойынша толық кеңес беріліп отырды. Талапкердің құжаттарын түгендеп, жөндеп, сәйкестендіріп дегендей тегін көмек берілді. Ауыл балалары үшін пандемия кезінде эпидемиологиялық-санитарлық талаптарды сақтауға, облыс орталығына қатынап, қаржы шығындамауға жағдай жасадық. Бізге қолдау көрсеткен аудан әкімдеріне, аудандық білім беру басшыларына алғыс білдіремін.

Компьютері жоқ, немесе интернет жүйесіне қосылмаған талапкерлерге өз-өзіне қызмет көрсету аумағын ұйымдастырдық. Онда да арнайы көмек беретін кеңесшілер отырды. Аумаққа 20 компьютер қойылды.

Талапкерлерге берілген жеңілдіктер тізімінде де өзгерістер болды. Бұрынғы тізімге отбасында кәмелетке толмаған 4 не одан да көп баласы бар үйден, толық емес отбасынан және үйде мүгедек баласы бар отбасынан шыққан талапкерлер қосылды. Оларға да квоталар қарастырылды.

Талапкерлер арасында жоғары таңдауға ие болған ТОР-10 мамандықты атап өткім келеді. Олар: «Дене шынықтыру және спорт», «Бастауышта оқыту педагогикасы мен әдістемесі», «Құқықтану», «Шет тілі: екі шет тілі», «Дизайн», «Қазақ тілі мен әдебиеті», «Орыс тілінде оқытпайтын мектептердегі орыс тілі мен әдебиеті», «Мұнай-газ ісі», «Электроэнергетика» және «Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу». Контингент санына байланысты тізбелеп отырмын.

Zhubanov University студенті болу мақтаныш екені жыл өткен сайын дәлелденіп келеді. Бұл — зор еңбектің жемісі, асқақ мәртебе!

**Рауан Жалтырбаева**
**Zhubanov University**
**Ақтөбе өңірлік университеті**
**Кәсіби бағдар беру**
**және қабылдау комиссиясы**
**бөлімінің басшысы**

☑ Басты жаңалықтар ☑ Главные новости ☑ Main news

## ДИМАШ ТУҒАН ЖЕРІНЕ КЕЛДІ

Әлем жұлдызы, әнші Димаш Құдайбергенов туған жеріне келді. Ол Ақтөбеде өткен «Baqytty Bala-2021» халықаралық байқауына қонақ болып қатысып, гала концертте ән шырқады. Жас дарындармен кездесіп, өнеріне сәттілік тіледі. «Балаларға сәттілік тілеймін. Аман болсын. Еліміздің абыройын асқақтатсын», — деді Димаш.

«Baqytty Bala» ашық вокалдық фестивалі 2018- жылдан бері ұйымдастырылып келеді.

Пандемия жағдайына қарамастан фестиваль жоғары деңгейде өтті. Онда жеті ел дарындары бақ сынады. Греция, Болгария, Әзірбайжан, Украина, Ресей, Польша және Қазақстанннның түрлі өңірінен келген 10-16 жас аралығындағы балалар арайлы Ақтөбе жерінде үш күн бірге жүріп, дос тасты.

Вокалдық байқауының қазылар алқасы және құрметті қонақтары қатарында Болгария, Өзбекстан және Қазақстан өкілдері — Николай Текелиев, Сильвия Андрианаларимангa, Марат Әйтімов, Светлана мен Қанат Айтбаевтар, Клара Төленбаева, Рухия Байдүкенова болды. Олармен арнайы келіп жүздескен облыс әкімі Оңдасын Оразалин «Сіздерді Ақтөбе жерінде көргеніме қуаныштымын. «Baqytty Bala» байқауы әдемі дәстүрге айналды. Өкінішке қарай, шектеулерге, қабаттасқан пандемияға байланысты былтыр байқау өткен жоқ. Алайда, биыл көпшілік пен мәдениет саласындағы шығармашылық қайраткерлерінің сұрауымен шараны ұйымдастырамыз деп шештік», — деді.

«Baqytty Bala» фестивалінің биылғы бас жеңімпазы болып тараздық Айлин Заушева атанды. Оған 1 млн. теңгенің сертификаты табысталды. Келесі жүлде қорынан 500 мың теңге ақшалай сый І-орынды иеленген нұр-сұлтандық Адель Кунадилова мен болгарлық Елизабет Сахариеваға берілді.

Ақтаулық Армен Саакян мен ресейлік Милана Пономоренко ІІ-орыны бөлісіп, 350 мың теңгеден сый алды. Ал, ІІІ-орын алған нұр-сұлтандықтар Камила Ғазизқызы мен Есет Алжан және әзірбайжандық Искандер Гасанзаде 250 мың теңге ақшалай сыйға ие болды.

Үш күнге созылған байқауда барлық сақтық шаралары қатаң сақталды.



## ДИМАШ ПОБЫВАЛ В РОДНОМ ГОРОДЕ

Мировая звезда, певец Димаш Кудайбергенов приехал в родной город. Он был гостем международного конкурса «Baqytty Bala-2021» в Актобе и спел на гала-концерте. Познакомился с молодыми талантами и пожелал им успехов в творчестве. «Желаю участникам удачи. Пусть они будут здоровы и прославят нашу страну», — сказал Димаш. Открытый вокальный фестиваль Baqytty Bala проводится с 2018 года. Несмотря на пандемию, фестиваль прошел на высоком уровне. Участниками стали таланты из семи стран, в возрасте 10-16 лет, из разных регионов Греции, Болгарии, Азербайджана, Украины, России, Польши и Казахстана. Они провели вместе три конкурсных дня в Актобе.

Среди жюри и почетных гостей вокального конкурса были представители Болгарии, Узбекистана и Казахстана — Николай Текелиев, Сильвия Андрианаларимангa, Марат Айтимов, Светлана и Канат Айтбаевы, Клара Толенбаева, Рухия Байдукенова. Аким области Ондасын Оразалин поприветствовал гостей: «Рад видеть вас в Актобе. Конкурс «Baqytty Bala» стал прекрасной традицией. К сожалению, из-за карантинных ограничений конкурс в прошлом году не проводился. Однако в этом году мы решили организовать мероприятие по просьбе общественных и культурных деятелей».

В этом году главным победителем фестиваля «Baqytty Bala» стала Эйлин Заушева из Тараза, которой вручили денежный сертификат на 1 млн.тг. Следующими призёрами и обладателями 500 тысяч тенге стали участники из Нур-Султана Адель Кунадилова и Болгарии Елизавета Сахариева. Армен Саакян из Актау и Милана Пономоренко из России разделили второе место и получили 350 тысяч тенге. Занявшие третье место Камила Газизкызы и Есет Альжан из Нур-Султана, а также Искандер Гасанзаде из Азербайджана получили 250 тысяч тенге. Во время трехдневного конкурса строго соблюдались все меры предосторожности.




## DIMASH VISITED HIS HOMETOWN

World star, singer Dimash Kudaibergenov came to his hometown. He was a guest of the international competition "Baqytty Bala - 2021" in Aktobe and sang at a gala concert. I got acquainted with young talents and wished them success in their work. “I wish the participants good luck. May they be healthy and glorify our country, ”Dimash said. The Baqytty Bala Open Vocal Festival has been held since 2018. Despite the pandemic, the festival was held at a high level. The participants were talents from seven countries, aged 10-16, from different regions of Greece, Bulgaria, Azerbaijan, Ukraine, Russia, Poland and Kazakhstan. They spent three competitive days together in Aktobe.

Among the jury and guests of honor of the vocal competition were representatives of Bulgaria, Uzbekistan and Kazakhstan - Nikolay Tekeliev, Silvia Andrianalarimanga, Marat Aitimov, Svetlana and Kanat Aitbaevs, Klara Tolenbaeva, Rukhiya Baidukenova. Akim of the region Ondasyn Orazalin greeted the guests: “I am glad to see you in Aktobe. The Baqytty Bala competition has become a wonderful tradition. Unfortunately, due to quarantine restrictions due to the pandemic, the competition was not held last year. However, this year we decided to organize an event at the request of public and cultural figures."

This year, the main winner of the Baqytty Bala festival was Eileen Zausheva from Taraz, who was awarded a cash certificate for 1 million tenge. The next winners and owners of 500 thousand tenge were participants from Nur-Sultan Adel Kunadilova and Bulgaria Elizaveta Sakharieva. Armen Sahakyan from Aktau and Milan Ponomorenko from Russia shared the second place and received 350 thousand tenge. Kamila Gazizkyzy and Eset Alzhan from Nur-Sultan, Iskander Hasanzade from Azerbaijan, who took third place, received 250 thousand tenge. During the three-day competition, all precautions were strictly followed.

☑ 2021-2022 new academic year



# БАЛА АЛДЫНДА БЕДЕЛІ

**Бекназаров Рахым Ағыбайұлы — 1993 жылы Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе педагогикалық институтының тарих факультетін бітіріп, «Тарих, қоғамтану және мемлекеттік құқық мұғалімі» мамандығын алған. Еңбек жолын осы оқу орнындағы тарих факультетінде оқытушы болып бастайды.**

**1994 жылы Алматы қаласындағы ҚР ҰҒА Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының іштей аспирантурасына оқуға түседі. 1999 жылы «Қазақтардың дәстүрлі тас қашау өнері» тақырыбында диссертация қорғап, тарих ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесіне ие болды.**

**1999-2003 жылдар аралығында тарих факультетінің аға оқытушысы, доценті болып жұмыс жасап, декан орынбасары, декан, «Қазақстанның ежелгі және ортағасыр тарихы» кафедрасының меңгерушісі әкімшілік қызметтерін атқарды.**

**2003 жылдың желтоқсанынан бастап Алматы қаласындағы ҚР БҒМ Ш.Ш. Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты этнология және антропология бөлімінің докторанты болды. 2010 жылдың желтоқсанында «XIX ғ. – XX ғ.басындағы Солтүстік Арал маңының қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)» атты докторлық диссертациясын қорғап, тарих ғылымдарының докторы, ҚР ЖАК доценті атанды (2009). 2001-2002 жылдары Ташкент қаласында Орталық Азияны зерттейтін Француз институтында (IFEAC) ғылыми тағылымдамадан өтіп, тәжірибесін арттырды. 2006 жылы Париж қаласында (Франция) Адам институтында Дидро бағдарламасы (MSH, Programme Diderot) шеңберінде тарих профессоры Винсент Фурньоның жетекшілігімен ғылыми тағылымдамадан өтті.**

**2009 жылдан бастап 2012 жылға дейін ҚР БҒМ ҒК Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институты директорының ғылыми жұмыстар жөніндегі орынбасары, АқМемПИ-дің ОМБ бастығы (2013), Қ.Жұбанов атындағы АӨМУ-нің ООМЖ бойынша проректордың м.а. болып қызмет етті (2014).**

**Ғалымның 115-тен аса ғылыми мақалалары, 2 монографиясы (біреуі біріккен авторлықта), 3 авторлық ұжым құрамындағы монографиясы жарияланған.**

**Қазақстан Республикасындағы және көршілес территориялар – Ресей, Моңғолия, Қытайдағы дәстүрлі қазақ этнографиясы, этноархеология, ескерткіштану, диаспорология салаларында ғылыми зерттеу экспедицияларының маманы және ұйымдастырушысы болып табылады. ҚР БҒМ 2 гранттық жобасының жетекшісі, 3 ғылыми гранттық жобаның бірлесіп орындаушысы болды. 2010 жылдан бастап ҚР БҒМ-нің ғылыми гранттық жобалар бойынша АО «Мемлекеттік ұлттық ғылыми-техникалық сараптама орталығы» АҚ-ның сараптамашысы. 2015 жылдан бастап Aqtóbe облыстық телеарнасында ғылыми-көпшілік «Тарих тағылымы» бағдарламасының тұрақты жүргізушісі. 2017 жылдың қаңтар айынан бастап Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік мемлекеттік университетінің ғылым және инновациялар жөніндегі проректоры болып жұмыс атқаруда. 2021 жылдың көктемінен бастап Zhubanov University Басқарма төрағасы-Ректор м.а.**

**Пандемия жағдайындағы екінші жаңа оқу жылын ұйымдастыру шаралары жайлы білмек үшін университет басшысымен кездескен журналист Гүлнара Дауылбайқызы.**

**— Жаңа оқу жылына дайындық алгоритмдері қалай әзірленді?**

— 2021-2022 жаңа оқу жылы тағы да Covid19 індетіне байланысты әлемдік пандемия жағдайында басталғалы отыр. Десе де осы індет жайлағалы оған қарсы бағытталған шаралар жүзеге асып жатыр. Нәтижесі бар. Сондықтан ҚР Білім және ғылым министрлігі оқу жылын дәстүрлі форматта бастауға шешім қабылдады. Біз де осы шешімді негізге ала отырып, кеңес құрып, дәстүрлі форматты таңдадық. Zhubanov University білім алушыларының бәрі, демек 1-ші курстан 4-ші курсқа дейінгі бакалавриаттар, магистратураның 2 курсы да, сондай-ақ докторантураның 3 курсы да offline форматында сабақты бастайды. Дегенмен қазіргі індеттің өршу кезін ескеріп, ішінара өзгерістер болады. Мысалы бакалавриаттың барлық курстарының үлкен топ жиналатын лекция дәрістері online жүреді. Өйткені санитарлық ережелерге орай 100 кісі сиымдылығы бар аудиторияға 50 білім алушыны ғана кіргізе аламыз. Сондықтан оқу процесін ұйымдастыруда аралас формат жүйесін ұстанған дұрыс. Семинарлық, лабораториялық, практикалық сабақтарды да аз топқа бөліп оқытуды қарастырдық. Бұл ретте Ақтөбе облыстық санитарлық-эпидемиологиялық департаментінің талаптарына сәйкес аудитория алмастырмау, оған өтерде дене қызуын бақылау, дистанциялық қашықтықты сақтау, санитайзерлер пайдалану сияқты шарттар қадағаланатын болады. Білім алушылар мен оқытушылардың денсаулығын сақтауда қауіпсіздік талаптарының қатаң сақталуын назардан шығармаймыз. Оның үстіне, өзіңізге мәлім, елімізде қолдана бастаған «Ashyq» мобильді қосымшасына бірінші болып қосылғанбыз. Сондықтан оқу ордасы дәстүрлі форматта білім беруге толық дайын деп айта аламын. Осы тұста ойқосарым, болашақта білім беру процесі жаппылама аралас форматқа көшетін сыңайлы. Мұны құптаймын. Өткен оқу жылында жақсы методикалық тәжірибе жинадық. Аралас не online форматтың ыңғайлы тұстары көп. Алдағы 5-10 жыл ішінде елімізде білім беру саласы аралас форматқа көшетін болар.

**— Қалыпты оқу тәртібіне қайта оралу үшін вакцина салғызудың маңызы зор болып тұр. Осы процесс қандай дәрежеде?**

— Зиялы орта болғасын вакцина салғызу мәселесіне бізде түсінік жоғары. ПОҚ құрамы, қызметкерлердің 95 пайызы вакциналанды.

Қалғандарының денсаулық жағдайларына байланысты вакцина салғыза алмағанын дәлелдейтін анықтамалары бар.

Ал білім алушылардың 60 пайызы вакцина алды. Оларға бар жағдай жасалды. Тұрғылықты жерінде медициналық мекеме болмаса, біздің Студенттік емханада вакцина алуға болады.



Рахым БЕКНАЗАРОВ
Zhubanov University
Басқарма төрағасы-
Ректор м.а.,
тарих ғылымдарының
докторы, профессор

# ӘКЕ-ШЕШЕНІҢ ЖОҒАРЫ

Қазір мұнда ҚР БжҒМ биологиялық қауіпсіздік мәселелері ғылыми-зерттеу институты дайындаған QazVac вакцинасын және Sinovac вакцинасын алу мүмкіншілігі жасалған. Екіншісін Қытай ұлттық фармацевтикалық тобы дайындаған. Өзім СпутникV вакцинасын қабылдадым. Оны шығарған Ресейдің Н.Ф.Гамалея атындағы эпидемиологиялық және микробиологиялық ұлттық зерттеу орталығы. Айтарлықтай ауырсынбадым. Отбасым, жақындарым да алып болды.

Тек қарт әке-шешемді көндіре алмай жүрмін. Олардың денсаулығына қатты алаңдаймын. Өткен жылы ауырып тұрған еді.

Вакцина салғызған адам да сақтанып жүруі керек. Өйткені оған ауру мүлдем жұқпайды деп ойлау жаңсақ пікірден туған. Бірақ ковид инфекциясы вакциналанғандарда жеңіл өтетіні шындық.

**— Жаңа оқу жылындағы ең ерекше өзгеріс деп нені айтар едіңіз?**

— Ерекше өзгеріс дегеннен гөрі жағымды жаңалыққа келетін болар. Биылдан бастап білім бағдарламаларын білім беру реестріне енгізу талаптары біршама күшейтілгеніне қарамастан біздe бакалавриат бойынша 8 жаңа және 6 инновациялық білім бағдарламасы реестрге енді. Жақын арада қалған 2 білім бағдарламасы да енгізілетін болады, қазір оларға экспертиза жүріп жатыр. Бұл — жаңа, заманға сай мамандықтар ашылды дегенді білдіреді. М.Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетімен академиялық ынтымақтастығымыз нығая түсіп, біргелікте «Клиникалық психология» жаңа мамандығы ашылды. Өткен жылы бұл жоғары оқу орнымен IT-медицина мамандығын ашқан болатынбыз. Өзіміздің ішкі ресурстарымызбен, «Шетел филологиясы және аударма ісі» кафедрасы мен «Информатика» кафедрасы бірлесе жасақтаған инновациялық «Ағылшын тілі және информатика» мамандығы ашылды. Түсушілер көп болды. Биыл ашылған «Кешенді көлік логистикасы» мамандығына да сұраныс жоғары.

Екінші жақсы жаңалығымыз бакалавриаттың барлық мамандықтарында ағылшын тілін төртінші курсқа дейін оқыту. Бұрын алғашқы 2 курста ғана оқитын еді. Өйткені ағылшын тілін жетік меңгеру білімпаз жастың болашағына қажеттілік болып отыр. Ол егер магистратура, докторантураға түсіп, білімін жалғастырмақ ниетте болса әбден керек. Одан басқа жас маманға ағылшын тілін білу артық емес. Кейін еңбек жолын бастаған мекемеде тіл курсын ашса да. Қосымша табыс табады, әрі өзіне абырой.

Тілді кез келген жаста үйренуге болады. Мотивация болса. Кезінде қажеттілік туып француз тіліне ден қойдым. Қазір ағылшынша үйреніп жүрмін. Тіл үйренуге оңтайлы методика таңдай алу, күн сайын уақыт бөлу, шындығында адам өзін қамшылауы қажет деп ойлаймын. Байқағаным, адам миының қабілеті ұшан-теңіз. Біз оның 10-15 пайызын ғана пайдаланатын тәріздіміз. Жалқаулық басым-ау, сірә.

**— Өзіңіз кезінде ғұмырлық кәсібіңізді қалай таңдадыңыз?**

— Ақиқатында тарихшы боламын деп ойламадым. Тіпті оқушы кезімде тарих пәні менің сүйікті пәнім де болған жоқ. Маған физика, математика, химия пәндері ұнайтын. Сейтіп құрылысшы мамандығын таңдап, ол кезде техникум деп аталды, сол оқу орнын бітіргесін әскер қатарына алындым. Әрі қарай жоғары оқу орнын осы мамандығым бойынша жалғастырамын дегенде отбасылық жағдайға байланысты тағдыр жолымды басқа бағытқа бұруға тура келді. Жергілікті ЖОО, осы Жұбанов университетінің «Тарих» мамандығына тапсырдым. Бұл мамандыққа түсу ол кезде оңай емес-тін. Байқау жоғары. Бір орынға 7 адамнан келді. Қазір өкінбеймін. Тарихты білу, маманы болу Отанға, елге деген сүйіспеншілік пен құрметті арттырады. Қоғам мүшелерінің елжандылығына дәнекер болған сәттерде бойды ғажап сезім билейді. Құрылысшы болсам деген арманым да жүзеге асқан сияқты. Еліміздегі тарихи ескерткіштерді зерттейтін 9 маманның бірімін. Тарихи ескерткіштер де құрылыс. Іргетасы бар, жары бар, төбесі бар. Өткен тарихымызды білу үшін тарихи ескерткіштер таптырмас материал. Қарапайым сөзбен айтсам қазақ даласында жақсы сақталғаны — қабірлер. Көшпенді шаруашылықта болған ата-бабамыздың тыныс-тіршілігінің құпиясын сол арқылы кеңірек біле аламыз.

**— Жарқын келешегіне арқау болар мамандық таңдауда жастар дұрыс шешім қабылдап жатыр деп ойлайсыз ба?**

— Өкінішке қарай, қазақы отбасы баласының алысқа ұзағанын қаламайды. Қасында ұстағысы келеді. Осы ұстанымнан басқа баласына кәсіби бағдар беру аясы да тар. Мұғалім, дәрігер, мал дәрігері дегеннен аспайды. Көршісі қай мамандық таңдаса соған бірнешеуі ілесіп келіп, тапсырып жататыны тағы бар. Бала алдында қалай десек те әке-шешенің беделі жоғары. Сондықтан олар мамандықтардың әлемдік атласынан хабардар болуы керек. Қазір кез келген ақпарат қол жетімді. Баласының дәстүрлі мәдениеттен әлемдік мәдениетке ұмтылуына кедергі жасамауы керек. Қорықпауы керек. Бізде «Жұбанов керуені» кәсіби бағдар мегажобасы бар. Өңірдің барлық аймағында болып, ақпарат береміз. Мақсатымыз тек өзімізге тарту емес, жас түлектің жарқын келешегіне арқау болар мамандығын дұрыс таңдауына себепкер болу.



☑ Tokyo-2020

## Көрерменсіз Олимпиада

Бес жыл күткен XXXII жазғы Олимпиада ойындары көрерменсіз өтті.

Токио Олимпиадасы жоспардағы 2020 жылдың 24 шілде мен 8 тамыз аралығында өтуі керек еді. Алайда пандемияға байланысты Халықаралық Олимпиада комитеті 2020 жылдың 24 наурызында Олимпиаданы «2020» жазуын сақтай отыра бір жылға (2021 жылы 23 шілде мен 9 тамыз аралығы) кейінге шегерді.

Жалпы, Жапония тарихында кедергімен өткен бұл бірінші Олимпиада емес. Осыған дейін жапон жерінде өткізілген үш Олимпиада да уақытында өтпеген екен. 1940 жылы Жапонияда бірден екі Олимпиада өтуі керек болатын. Ол кезде жапондар қытайлармен соғысып жатты. Үш жылдан асып бара жатқан соғыс жағдайындағы Жапония алдында дайындық жұмыстарын жүргізгенмен, соғысуға адам жетпей жатқандығы себебінен Токиодағы жазғы және Саппоролағы қысқы Олимпиада ойындарын өткізуден бас тартыпты. 1964 жылы жазғы Олимпиаданы өткізу құқығын Токио тағы жеңіп алды. Бұл жолы да ауа райының қатты ыстықтығына байланысты уақыты қыркүйекке шегеріліп, алайда тайфун маусымы басталып, күздің ортасында, 10-24 қазан аралығында өтіпті. 32 жылдан соң, 1972 жылы Саппорода қысқы Олимпиада өткені есте.

Жапония билігі осы Олимпиаданы өткізуден бас тартуы мүмкін еді. Дегенмен соңғы сөзді Халықаралық Олимпиада комитеті айтты. Өйткені әлемдік жарысты кейінге қалдыру не өткізбеу туралы шешімді тек ХОК қабылдайды. Жарысты өткізуді дұрыс дегендер дайындалған спортшылардың үмітін, еңбегін, маңдай тері мен арнаған уақытының зая болатынын алға тартты.

Ресми ақпаратқа жүгінсек, Жапония Олимпиаданы өткізуге $15,4 миллиард қаржы жұмсаған. Оның ішінде демеушілердің де, инвесторлардың да, жапон азаматтарының салығы да бар. Токио Олимпиадасы ең жомарт демеушілерінің арқасында тарихта қалмақ. Жапон компаниялары $3,3 миллиард қаржы берген.

Токио Олимпиадасының өтуіне бастысы қаржы мәселесі себеп болған сияқты деп топшылайды Prosports.kz тілшісі Айбар Бақытұлы. «Номура зерттеу институтының мәліметінше, Олимпиада мен Паралимпиада ойындарын өткізуден бас тартса жапон үкіметі $17 миллиард шығынға ұшырайды. Ал Халықаралық Олимпиада комитеті шығынның орнын толтырып, хабар тарату құқығын сатудан түскен $3,5–4 миллиард ақшаны қайтаруға мәжбүр болады». Олимпиада уақытында Жапонияда эпидемиологиялық жағдай тұрақты болмады. Жапония билігі мен ұйымдастырушы комитет өршіген коронавирус індетінен қаймығып, көрермен санын шектеуді ойластырған. Жанкүйерлерге билет те сол мақсатпен сатылған. Токио Олимпиадасына келгісі келген 3,7 миллион адам билет алып та үлгерген. Алайда түпкілікті шешім шығып, жарыстың көрерменсіз өтетіні туралы хабар таратылды. Токио Олимпиадасының көрерменсіз өтуіне жергілікті үкіметтің эпидемиологиялық ауруларға қарсы қызмет кеңесінің басшысы Сигэру Оми себеп болды. Ол пандемия басталғаннан Токиодағы дүбірлі доданың өтуіне мүлдем қарсы болған.

Токио әкімшілігі биылғы сәуір айында қалада төтенше жағдай жариялап, Олимпиадаға бір ай қалғанда уақытша тоқтатты. Бірақ Олимпиада аяқталысымен қайта жарияланды.

Пандемия басталғалы Жапонияда ресми 800 мыңға жуық адам вирус жұқтырған.

Дамыған елдердің арасында Жапония жаппай вакциналауды кеш бастаған екен. Олимпиада жарыстары кезінде жапон азаматтарының тек 6,5% екпе алғаны белгілі болды. Бұл, әрине, Олимпиада секілді үлкен жарысты өткізетін ел үшін жақсы көрсеткіш болған жоқ. Жапонияның 120 муниципалитеті шетелден келген спортшыларды қабылдаудан бас тартты. Олимпиадаға жұмылдырылған 80 мың еріктінің он мыңы келмеді.

Халықаралық Олимпиада комитетінің ақпаратынша, Токио Олимпиадасына қатысқан 11 090 спортшының 80% вакцина алған.

Спортшылар Олимпиадаға келген соң тек жаттығу залы мен жарыс кешеніне ғана бара алады. Сыртқа шығып қала аралауға, базарлық алуға рұқсат болған жоқ. Олимпиадаға келген әрбір адам шекарадан өте салысымен смартфонына оның жүріс-тұрысын бақылайтын «Cocoa» қосымшасын жүктеуге міндеттелді. Журналистер де рұқсат еткен арнайы бағытпен ғана жүруге мәжбүр болды. Әрине көрерменсіз Токио Олимпиадасы өз ерекшелігімен де ұмытылмайды. Күншығыс елі Олимпиадада 33 спорт түрінен 339 медаль жиынтығын сарапқа салды. Бұл — Рио Олимпиадасынан 33 медаль жиынтыққа көп. Токио Олимпиадасына жаңадан бес спорт түрі енді. Олар: бейсбол/софтбол, каратэ, серфинг, спорттық құзға өрмелеу және скейтбординг.

Ең өкiнiштiсi жарыстарды оны өткізуге жауапты жапон министрі Тамае Марукава мәлімдегендей жергілікті көрермендер де тамашалай алмады.

Олимпиаданың ашылу және жабылу салтанаты да көпшіліктің қатысуынсыз өтті. Қалай десек те Жапония елі бұрын-соңды болмаған ең инновациалық Олимпиада өткізіп, әлемді таңдай қақтырғанын мойындау керек.

# ҰМЫТЫЛМАС ТОКИО ОЛИМПИАДАСЫ



## Олимпиада ханшайымы

Токиодағы Олимпиада ойындарының ашылу салтанатында Қазақстан туын көтеріп шыққан титулды спортшы Ольга Рыпакова қытайлық көрермендерді тәнті етті. Танымал Вэйбо әлеуметтік желісінде «Ту ұстап шыққан қазақстандық қыз ханшайымға ұқсайды» деген хэштегі бар жарияланымдар шамамен 260 миллион көрілім жинаған. Ал жапониялық Twitter қолданушылары қазақстандық спортшыға «Олимпиада ханшайымы» деген атақ берді. Ольга жергілікті халықтың бұл ілтипатына қатысты өз пікірін білдірді.

— Негізі мен бұған аса мән беріп қарамадым. Біздің киім үлгілерiміз жапондық және қытайлық көрермендің қызығушылығын тудырған болуы керек. Сол себепті олар біздің киімдерімізді белсенді талқылап, компьютерлік ойындардың кейіпкерлерімен теңестірді. Шын мәнінде мен ондай ойындар туралы білмейді де екенмін. Сондықтан бұл мен үшін күтпеген жайттан бөлек, түсініксіздеу болды, — деп күліп жіберді спортшы журналистерге берген сұқбатында.

Токио Олимпиадасында қарсаңында Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Туын алғаш рет екі бірдей ту ұстаушы — жеңіл атлетикадан Олимпиада чемпионы Ольга Рыпакова мен бокстан әлем чемпионатының күміс жүлдегері Қамшыбек Қоңқабаев алып шықты.

Ольга Рыпакова Өскемен қаласында туып-өскен. Бұған дейін ол үш Олимпиадада: 2008 жылы Бейжің қаласында күміс медаль, 2012 жылы Лондонда – алтын және 2016 жылы Рио-де-Жанейрода — қола медаль алып еліміздің мерейін асқақтатқан тәжірибелі спортшы. Одан бөлек, Ольғаның жүлделер қоржынында Универсиада алтыны және Азия ойындарының 6 алтын медалі бар. Сондай-ақ, О.Рыпакова әлем чемпионы және 2010 жылғы құрлықтық



кубоктің иегері.

Өкінішке қарай Токио Олимпиадасы Рыпакова үшін сәтсіз аяқталды. Қарғып секіруден іріктеу сайыстары кезінде оған қатысқан 34 атлеттің ішінен ережеге сәйкес 14 метр 40 сантиметрден артық секірген немесе үздік көрсеткішке ие болған 12 спортшы ғана финалға өтетін болды. Іріктеу кезінде қазақстандық 3 спортшы Ольга Рыпакова, Мария Овчинникова және Ирина Эктова да финалға өте алмады. Ольга 13 метр 69 сантиметрді ғана бағындыра алды.

Осы сәтсіздіктен соң Токио Олимпиадасының ханшайымы атанған Ольга Рыпакова спорттық карьерасын аяқтағаны туралы мәлімдеме жасады. Бірақ 36 жасар жеңіл атлет алдағы күнде немен айналысатынын айтқан жоқ. Instagram желісінде осындай шешімге келгенін хабарлап, «Менің спорттық карьерам Ольга Саладухина (Украина) Катрин Ибаргуэн (Колумбия) секілді керемет спортшы қыздармен бір секторда өнер көрсетуімен тура келді. Токио Олимпиадасы мен үшін де, олар үшін де спорттағы мансабымыздың қорытындысы болды. Олар мен үшін үш қарғып секірудің үздіктері болып қала береді. Ендігі уақытта мен оларды қарсылас ретінде емес жақын құрбым ретінде құрметтеп, жақсы көремін. Алдағы уақытта сектордан тыс талай кездесеміз деп ойлаймын. Оларға табыс тілеп, алға қойған арман-мақсаттарының орындалуына тілекшімін. Өмірлері табысқа толы болсын!. Ешқашан жасымасын!», — деп жазды Ольга Рыпакова.

Екінші ту ұстаушы Қамшыбек Қоңқабаев 2014 жылы әскерилер арасында өткен әлем чемпионатының жеңімпазы. Азия чемпионатының екі дүркін жеңімпазы және 2017 мен 2019 жылғы әлем чемпионаттарының күміс жүлдегері. Токио Олимпиадасы спортшы үшін алғашқы Олимпиада ойындары еді. Ту ұстау бақытынан бөлек Қ.Қоңқабаевқа зор жауапкершілік артылып, Олимпиадада бокстан ерлер құрамасының капитаны болды.

Дүбірлі жарыс алдында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың қолынан көк байрақты алған сәттегі сезімін боксшы желідегі оқырмандарына былай жазған болатын.

«Бүгін Олимпиада ойындарына ту табыстау рәсімі өтті. Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлынан көк байрағымызды алу мен үшін мәртебе, үлкен жауапкершілік. Бұйырса көк байрағымыз Олимпиада ойындарында желбіреп барып, желкілдеп қайту үшін бар күш-жігерімізді жұмсауға уәде етеміз!» — деді Қамшыбек Қоңқабаев. Қамшыбек уәдесін орындап, бокс алаңында қатты жарақат алғанына қарамастан, намысты қолдан бермей, +91 келі салмақта Токио Олимпиадасының қола жүлдегері атанды.

Жаза кетейік, шетелдіктерді таң қалдырған ту ұстаушылардың костюмін Әбілхан Қастеев атындағы Мемлекеттік өнер музейінің мамандарының қатысуымен, әйгілі алматылық сәнгер Виолетта Иванова дайындаған екен.

## Олимпиада жеңімпаздарына лайықты марапат

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың жарлығымен XXXII Жазғы Олимпиада ойындарындағы жоғары спорттық жетістіктері үшін III дәрежелі «Барыс» орденімен Сметов Елдос Бақтыбайұлы – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, II дәрежелі «Достық» орденімен Чиншанло Зульфия Салахаровна — «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, «Құрмет» орденімен Асәділов Дархан Абсадықұлы — «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Берульцева Софья Полихроновна – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Бибосынов Сәкен Исмадияр угли – «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Қоңқабаев Қамшыбек Бисенбайұлы — «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Санаев Нурислам Валентинович — «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы, Сон Игорь Сергеевич — «Қазақстан Республикасының Ұлттық Олимпиадалық комитеті» ҚБ нұсқаушы-спортшысы наградталды.

Токио Олимпиадасына Қазақстан атынан 97 спортшы қатысып, спорттың 28 түрінен бақсынады. Олимпиадалық аламанға жер шарындағы 206 мемлекеттен келген 11 мыңнан астам спортшы жеңістен дәмелі болды.

Қазақстан спортшылары сегіз қола медаль алды. Олардың қатарында дзюдошы Елдос Сметов, ауыр атлеттер Игорь Сон мен Зульфия Чиншанло, боксшылар Қамшыбек Қоңқабаев, Сәкен Бибосынов, палуан Нұрислам Санаев пен каратэшілер Дархан Асаділов пен Софья Берульцева бар.

Медальдар кестесі бойынша қорытынды командалық есепте Қазақстан құрамасы 83-орынға тұрақтады.

Ал Токио Олимпиадасында 39 алтын, 41 күміс, 33 қола (113 медаль) алған АҚШ құрамасы бірінші орын еншіледі. Ал одан кейінгі орындардағы Қытайдың 38 алтын, 32 күміс, 18 қола (88 медаль), Жапонияның 27 алтын, 14 күміс, 17 қола (58 медаль) жүлдесі бар.

Олимпиада жалауы алдағы Жазғы Олимпиада ойындарының қожайыны Францияға табыс етілді.

Ол Франция астанасы Париж қаласында 2024 жылдың 27 шілдесі мен 11 тамыз аралығында өтеді деп жоспарланып отыр.

## Олимпиада чемпионы Луиджи Бусаны жеңген жұбановшы



